

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,  
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША  
ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН ҮЛГІЛІК ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ**

Астана  
2022

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 15-қарашадағы №12 хаттама).

**Білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, жалпы орта білім берудің барлық оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу. Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 1600 бет.**

Бұл Жалпы орта білім берудің оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып әзірленді.

Жалпы орта білім берудің оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламалары орта білім беру ұйымдарының басшыларына, пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге арналған.

## КІРІСПЕ

Біздің серпінді дәуірімізде саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық сипаттағы шиеленіскен проблемалары және сын-қатерлерімен, қазіргі қоғамда тиімді жұмыс істеу үшін өскелең ұрпақтың жаһандық дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруға қойылатын талаптар білім беру жүйесін және оның мазмұнын жетілдіру қажеттілігін туғызады.

Бұл міндеттің маңыздылығын ҚР орта білім беру ұйымдары білім алушыларының білім сапасын халықаралық және отандық зерттеу нәтижелері дәлелдейді. Осылайша, Қазақстан алдыңғы қатарлы елдерден салыстырғанда оқу сауаттылығы, математикалық, жаратылыстану сауаттылығының төмен деңгейін көрсетті. Бұл ретте біздің оқушыларымыздың пәндік білімі жақсы, бірақ оларды нақыт өмірде қолдануда қиындықтар туындайтыны атап өтілді [1,2,3]. Қазақстан оқушылары мәтінмен жұмыс істеу, пікірлесу, ерекше шешімдерді шешу, үдерістер мен құбылыстардың байланысын орнату, ассоциалы ойлау, пайымдау және жауаптарды дәлелдеудің жеткілікті дағдыларын көрсетпеді.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуын талдау (2020 жылдың қорытындысы бойынша) [4,5,6]:

- қазақстандық білім беру стандартын жаңарту құзыреттерді дамытуға бағытталғанын көрсетті. Бірақ оқу бағдарламаларындағы мазмұн көлемі мүмкін емес етіп отыр;

- білім мазмұны репродуктивті және ортақ білімдік сипатта, метапәндік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етпейді;

- жаратылыстану-математикалық циклдің оқу пәндері академиялық сипатында қалып отыр. жобалық оқытудың және білім алушылардың инженерлік-технологиялық ойлауын дамытудың негізі болып табылатын STEM білім беру моделі енгізілмейді;

- әр пән бойынша шамадан тыс бағдарлама бөлімдер мен бөлімшелермен жүктеме берілген, оқу материалын мазмұнының қисынды реттілігі бұзылған;

- пәндік мазмұн функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталуы жеткіліксіз;

- бағдарлама мазмұны жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етпейді;

- білім беру стандартының тәрбиелік құрамдас бөлігі жеткіліксіз. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев «жаңа сын-қатерлерге төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білу қажет»-деп атап өткен [7].

Осыған байланысты орта білім беру мазмұнын жобалауды мынадай шарттарды ескере отырып жүзеге асыру ұсынылды:

- пәндік және пәнаралық құзыреттіліктер, дербес іздеу-танымдық іс-әрекет дағдыларын дамытуға бағдарлану;

- сыни және креативті ойлауды дамытуға бағытталған;

- кіріктірілген мазмұн, зертханалық, жобалық, практикалық, оқу-зерттеу тапсырмаларының мазмұнына негізделген іріктеу;

- нәтижелерге қол жеткізуде саралау және стратегия;

- бейіндік оқытудың (таңдау курстардың) мазмұнын анықтау.

Жалпы орта білім беру ұйымдары үлгілік оқу бағдарламаларына «технологиялық» бейінді енгізу.

Түйінді ұсыныс – 21-ғасырдың білім алушыларына ұлттық басымдықтарға, сондай-ақ тез өзгеріп жатқан әлемнің сын-тегеуріндері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды көрсететін Қазақстанның жаңартылған білім беру мазмұнын жетілдіру.

Осыдан пәндер бойынша білім беру стандарты мен бағдарламаларын қайта қарау және жаңарту қажеттілігі туралы қорытынды шығады. Ол жерде білімді нақты өмірде қолдану мүмкіндіктеріне баса назар аударылады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Білім беру стандарттарын, білім беру бағыттарын қайта түзу, демек, ұлттың, жас ұрпақтың менталитетін қайта түзу»-қажеттігін [8], яғни жаратылыстану-математикалық циклді пәндерін жоғары сыныптарда оқытуды күшейтудің маңыздылығы туралы мәлімдеді [9].

Білім беру стандарттарын қалыптастырудың қазіргі кезеңінде білім алушылардың оқу жүктемесін азайту, оқыту мақсаттарын қайта қарау, бейіндік оқытуды күшейту, білім беру бағдарламаларының практикалық және құндылыққа бағытталған мазмұнын күшейту мақсатында ҮОЖ мен ҮОБ-на өзгерістер енгізу қажет.



## 1. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ

2022 жылғы 21 қаңтарда отандық бизнес өкілдерімен кездесу барысында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұлттың, жаңа Қазақстанның жас ұрпағының менталитетін қалыптастыру мақсатында білім беру стандарттарын қайта форматтау туралы тапсырма берді. Осыған байланысты, орта білім беру мазмұнында ұлттық құндылықтар мен қазақстандық патриотизм, «Толық адам» тұжырымдамасының ережелерін ықпалдастыру негізінде тәрбиелік компонент күшейтілетін болады. Тәрбие компонентін күшейту орта мектептің әрбір оқу пәнінің мазмұнында қажет.

Сонымен «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген 6-қосымшаға сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» мен 7-қосымшаға сәйкес «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Білім беруді жаңғырту оқушының оқу жүктемесін төмендету, жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейту, сондай-ақ білім алушыларды ерте әлеуметтендіру және кәсіптік бағдарлау үшін жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарларына тілдік пәндерді оқыту бойынша өзгерістер енгізілді. *Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні «Орыс тілі» және «Әлем әдебиеті» пәніне бөлінді.*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 14-тармағына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердің әдебиеттік оқу бағдарламаларына әлем әдебиеті классиктерінің туындыларын оқыту бөлігінде өзгерістер енгізу, 12 жылдық білім беруге көшу шеңберінде қазақ, орыс әдебиетінің оқу бағдарламаларын қайта қарау» қажет делінген.

Еліміз өркениеттің жаһандық даму жолына түскен уақытта жас жеткіншектердің бірыңғай орыс әдебиеті материалдарымен ғана танысуы олардың әлем деңгейіндегі құзыреттерді меңгеруіне, дамуларына тежеу болары анық. Орыс әдебиетіндегі ақын-жазушылардың шығармаларымен қатар әлемдік деңгейдегі классиктер мен қазіргі әлем әдебиетінің үздік туындыларымен танысу арқылы білім алушылардың санасында әлемнің тұтас бейнесі қалыптасады.

Қазіргі жылдам дамып жатқан ақпараттар заманында «Әлем әдебиеті» пәнін оқытуға мүмкіндіктер жеткілікті. Бүгінгі күні әлем әдебиетін қазақ тіліне сауатты аударатын бірнеше агенттіктер жұмыс жасауда. Олардың өнімдерін оқу материалдары ретінде толығымен пайдалануға болады.

Жалпы орта білім беру деңгейлерінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ

әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасына шетел әдебиетінің мынадай үлгілері енгізілген:

11-сыныпта: Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі.

Қазақ, орыс және әлем әдебиетінің тақырыптарына жақын үзінділерін салыстыру қабілеттерін қалыптастыру үшін «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында *У. Шекспир, Жюль Верн, Р. Брэдли, Ш. Айтматов* және т.б. туындыларын оқыту қарастырылған.

Пәннің атауы «Қазақ әдебиеті» болғандықтан, ондағы шетел әдебиетінің үлгілерін «Әлем әдебиеті» оқу пәніне енгізген дұрыс. Қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұны көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауға, көркем сөздің ерекшелігін танытуға, мәтіндерді талдауға және салыстыруға, әдебиеттегі образдылықты анықтауға, стильдік даралықтарды ажыратуға, дәстүр мен жаңашылдықты айқындауға құрылады. Қазақ әдебиетінің мәдени мұра, ұлттық құндылық, ұлттық код ретіндегі рөліне басымдық беріледі.

Екіншіден, әр сыныпқа берілген бір-бір туынды білім алушылардың түркі өркениеті мен әлем әдебиетіндегі көркем-эстетикалық заңдылықтармен үндестігін пайымдауына, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінің танымал мұраларын үндестіре игеруіне, әлем әдебиетінің үлгілерін қазақ әдебиеті туындыларымен салыстыру арқылы шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалауға мүмкіндік бермейді.

Ал «Әлем әдебиеті» пәнін оқыту арқылы білім алушылардың түркі өркениеті мен әлем әдебиеті және кеңестік әдебиет классиктерінің шығармаларын зерделеу, оқушылардың әдеби образдарды жасау кезінде салыстырмалы талдау жүргізу, қазақ, орыс және әлем әдебиетінің тақырыптарына жақын үзінділерін салыстыру, көркем-эстетикалық заңдылықтардың үндестігін айқындау қабілеттерін қалыптастыру көзделеді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы қолданыстағы орыс тілімен кіріктірілген «Орыс әдебиеті» пәнінен әдеби туындылар мәтін деңгейінде, тілді меңгерту құралы ретінде оқытылуда. Сондықтан орыс әдебиетінің туындылары «Әлем әдебиеті» пәнінің мазмұнына кіріктірілгені дұрыс. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында 10-11-сыныптар аралығында әлем әдебиетінен туындылар саны жеткіліксіз берілген.

«Әлем әдебиеті» пәнін оқу арқылы білім алушылар келесі мүмкіндіктерге ие болады:

1. Жеткіншектер әлем әдебиетінің мифологиясынан бастап қазіргі заманауи ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады;
2. Әлемдік деңгейдегі шығармалардың мазмұнымен танысу арқылы елтану, жертану құзыреттерін меңгереді;
3. Әдеби мәтіндерді оқу арқылы шетел мәдениеті мен тарихын білетін болады;
4. Әдебиеттегі заманауи ағымдар мен бағыттарды, жаңа теориялық ұғымдарды меңгеру мүмкіндігі артады.
5. Идеялық жағынан мазмұндас қазақ әдебиетінің туындыларымен салыстыра, салғастыра талдау арқылы ортақ бағыт, әдеби ағым,

жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайды және талдау жасайды.

6. Жалпыадамзаттық мәселелерді талдау, саралау, шығармалардың тарихи және көркемдік құндылығын бағалау дағдылары қалыптасады, көркемдік дүниетанымы кеңейеді.

«Әлем әдебиеті» оқу пәні (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін) бойынша негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

- әлемдік балалар әдебиеті үлгілерін, әртүрлі жанрдағы шығармаларды мазмұнын ауызша мазмұндап айтуды;

- фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін сипаттауды;

- тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжауды;

- тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтауды;

- әдеби шығарманың сюжеттік дамуын;

- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын;

- шығарманың эпизодтарын;

- кейіпкерлер портреті мен образын талдауды;

- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді баяндауды біледі.

*Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндеріне бөлінді.* Қазақ тілі – құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол ұлттық деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Республикада мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр. Тілді тек қатынас құралы ретінде ғана қарауға болмайды, ассоциациялық ұғым-түсінікке толы сөздер мен сөз тіркестерінің, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің көне түркі дәуірінен қалпын бұзбай біздің дәуірімізге дейін жетуі олардың мағыналарын ұрпақтың танып-біліп, санасында сақталуынан (кодталуы) болып отыр. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, яғни тілдердің тоғысқан кезеңінде қазақ тілінің бар байлығын арнайы, жеке оқыту арқылы ғана ұрпақтың санасында сақтап қала аламыз.

Арнайы, жеке оқытуды талап ететін қағидалар мен ережелер жастардың тілге саналы көзқарасы мен жауапкершілігін қалыптастырады. Келешекте тілдің иесі болатын жастардың тілдік сезімін күшейту, әсіресе, қазіргідей жаһандану өріс алған қоғамда өткірлене түсуде.

Тіл мен әдебиетті біріктіріп оқытатын болсақ, әдебиет тілдің көлеңкесінде қалып қояды, тілді оқытатын мәтін үзігі түрінде ғана қабылданады. Шығарманың мазмұн тұтастығы бұзылады. Кейіпкерлердің мінез-құлқы мен сөйлеу тілі арқылы берілетін тәрбие жоғалады. Оқушының автордың идеясын толық түсіну, шығарманы жан-жақты талдау, ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алу қабілетін, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеу, әдебиет туралы ұғымдарды кеңейтетін теориялық материалдарды меңгерту және оқырмандық қабілетін қалыптастыру мүмкіндігі шектеледі, «ұлт мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» болып табылатын ұлттық құндылыққа қауіп төнеді.

10-11-сыныптарда «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» деп пәнді екіге бөліп оқыту қажет. Бұл сыныптарда оқушының тілді білу деңгейі халықаралық В1 деңгейіне сай келеді. Оқушы тілді негізгі деңгейде меңгереді. Ол бейімделген көркем әдеби шығармаларды оқып, түсініп көркемдегіш құралдарды ажыратып, олардың мағынасын түсіне алады.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақстан тарихы» және «Әлем тарихы» пәндері бойынша ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезең 6-11 сыныптарда хронологиялық ретпен оқыту ұсынылды.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің атауы «Әлем тарихы» деп өзгертілді. Қазіргі уақытта жалпы білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» атты екі дербес оқу пәні оқытылады. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша шет елдердің (немесе Қазақстаннан басқа, әлемнің барлық елдерінің) тарихы оқытылады. «Дүниежүзі тарихы» атауы пәннің нақты мазмұнын көрсетпейді, себебі оқушыларда Қазақстан тарихы дүниежүзілік тарихтың бөлігі емес, ол ерекше деген жалған түсінік қалыптасады. Сондықтан жұмыс тобы шешімімен аталған пәнді «Әлем тарихы» деп атау ұсынылды.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Үлгілік оқу жоспарлары 1-4-кестелерде берілген.

### 1-кесте. Қазақ тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме
		10 сын ыпс	11 сын ып	апт алы қ	Жылдық
Инвариантты компонент					
1	Қазақ тілі	2	2	4	144
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	216
3	<b>Орыс тілі</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>72</b>
4	<b>Әлем әдебиеті</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>72</b>
5	Шетел тілі	3	3	6	216
6	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216
7	Геометрия	1	1	2	72
8	Информатика	1	1	2	72
9	Физика	2	2	4	144
10	Химия	2	2	4	144
11	Биология	2	2	4	144
12	География	1	1	2	72

13	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
14	Әлем тарихы	2	2	4	144
15	Құқық негіздері	1	1	2	72
16	Дене шынықтыру	3	3	6	216
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инварианттық оқу жүктемесі		<b>31</b>	<b>31</b>	<b>62</b>	<b>2232</b>
Вариативті компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		2	2	4	144
Вариативті оқу жүктемесі		3	3	6	216
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		<b>34</b>	<b>34</b>	<b>68</b>	<b>2448</b>

**2-кесте. Қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме жылдық
		10 сынып с	11 сынып	апт алы қ	
Инвариантты компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	<b>Орыс тілі</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>72</b>
4	<b>Әлем әдебиеті</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>72</b>
5	Шетел тілі	3	3	6	216
6	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
7	Геометрия	2	2	4	144
8	Информатика	2	2	4	144
9	Физика	2	2	4	144
10	Химия	2	2	4	144
11	Биология	2	2	4	144
12	География	2	2	4	144
13	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
14	Әлем тарихы	1	1	2	72
15	Құқық негіздері	1	1	2	72
16	Дене шынықтыру	3	3	6	216
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72

Инвариантты оқу жүктемесі	32	32	64	2304
Вариативті компонент				
Жаһандық құзыреттілік	1	1	2	72
Элективті курстар	2	2	4	144
Вариативті оқу жүктемесі	3	3	6	216
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	<b>35</b>	<b>35</b>	<b>70</b>	<b>2520</b>

**3-кесте. Орыс тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме
		10 сынып с	11 сынып	Апталық	Жылдық
Инвариантты компонент					
1	Орыс тілі	2	2	4	144
2	Орыс әдебиеті	3	3	6	216
3	<b>Қазақ тілі</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>	<b>144</b>
4	<b>Қазақ әдебиеті</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>216</b>
5	Шетел тілі	3	3	6	216
6	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216
7	Геометрия	1	1	2	72
8	Информатика	1	1	2	72
9	Физика	2	2	4	144
10	Химия	2	2	4	144
11	Биология	2	2	4	144
12	География	1	1	2	72
13	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
14	Әлем тарихы	2	2	4	144
15	Құқық негіздері	1	1	2	72
16	Дене шынықтыру	3	3	6	216
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инвариантты оқу жүктемесі		<b>34</b>	<b>34</b>	<b>68</b>	<b>2448</b>
Вариативті компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар					
Вариативті оқу жүктемесі		1	1	2	72

Ең жоғарғы оқу жүктемесі	35	35	70	2520
--------------------------	----	----	----	------

**4-кесте. Орыс тілінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме жылдық
		10 сынып	11 сынып	апталық	
Инвариантты компонент					
1	Орыс тілі	1	1	2	72
2	Орыс әдебиеті	2	2	4	144
3	<b>Қазақ тілі</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>	<b>144</b>
4	<b>Қазақ әдебиеті</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>	<b>144</b>
5	Шетел тілі	3	3	6	216
6	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
7	Геометрия	2	2	4	144
8	Информатика	2	2	4	144
9	Физика	2	2	4	144
10	Химия	2	2	4	144
11	Биология	2	2	4	144
12	География	2	2	4	144
13	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
14	Әлем тарихы	1	1	2	72
15	Құқық негіздері	1	1	2	72
16	Дене шынықтыру	3	3	6	216
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72
Инвариантты оқу жүктемесі		34	34	68	2448
Вариативті компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	72
Элективті курстар		1	1	2	72
Вариативті оқу жүктемесі		2	2	4	144
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		36	36	72	2592

## **2. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

### **1. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты-қазақ тілінің қоғамдық мәнін түсінетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерген, қазақ әдеби тілі нормаларын дұрыс қолдана білетін, сыни ойлау тұрғысынан ойын еркін әрі сауатты жеткізе алатын тұлға қалыптастыру.

3. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушыларда қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) мәтін құраушы тіл бірліктердің қызметі мен олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады.

5) мәтін түрлері мен оқу мақсаттары негізінде құрмет, қазақстандық патриотизм, еңбек және шығармашылық, ашықтық, табандылық, өмір бойы білім алу, адалдық және әділеттілік құндылықтарын меңгереді.

6) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын арттыруды, сөз байлығын молайтуды, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіреді.



## 2-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4.Қазақ тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты;
- 2) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

5.Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым.
- 4) әдеби тіл нормасы

6.«Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) негізгі ойды анықтау;
- 4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;
- 5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

7. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) мәліметтерді өңдей білу;
- 6) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

8. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;
- 2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 3) эссе түрлерін жазу;
- 4) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 5) шығармашылық жұмыс;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау;

9. Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексика-стилистикалық норма
- 4) грамматикалық-стильдік норма
- 5) пунктуациялық норма

10. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; тыңдалған

мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу; мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік, стильдік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу; сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу; сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі,

леп белгісі, көп нүкте); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

#### 11. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру; мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік және стильдік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, бағалау, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі, мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия, мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза

білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу; сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу; сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану; мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып); мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

### 3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

12.Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

13.Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 - . мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 -мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2.Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
3. Негізгі ойды анықтау	10.1.3.1 -мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық –саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	11.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық –саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру

4. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.4.1 -мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
5. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу нормаларын меңгеру.	11.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында бейнелі сөз қолданыстарын пайдаланып шешен сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, іске жұмылдыру.

## 2) оқылым

Білім алушылар...		
	10 - сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10. 2.1.1 -эртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 - эртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10. 2.2.1 -ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 - таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10. 2.3.1 - көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10. 2.4.1 -эртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	11.2.4.1 - эртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1-мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Эртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10. 2.6.1-БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден	11.2.6.1- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу,

	деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру
--	--	---

## 3) жазылым

Білім алушылар...		
	10 - сынып	11-сынып
1. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.1.1- ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу.	11.3.1.1-. таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу.
2. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	10. 3.2.1-мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.2.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
3. Эссе жазу	10. 3.3.1-қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.3.1- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
4. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10. 3.4.1-оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	11.3.4.1- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
5. Шығармашылық жұмыс	10.3.5.1-әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.5.1-. әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.6.1-жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.6.1-жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)

## 4) әдеби тіл нормасы

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып

1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1- тілдік бірліктерді стилистикалық мақсатқа сай қолдану (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып аясында) мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1-сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.4.2.1- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1- сөзжасамдық синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану сақтай білу	11.4.4.1- тілдік бірліктердің мәтінтүзімдік қызметін талдау, мақсатқа сай қолдану нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

14. Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

**Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

10-сынып:

Тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаттары
Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағат.		
1-тоқсан		
1-тарау.	Тыңдалым және	10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам

Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет	айтылым	жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық – саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
	Оқылым	10. 2.2.1 - ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); 10.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу
	Жазылым	10. 3.3.1- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі)
	Әдеби тіл нормалары	11.4.2.1- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; 10.4.1.1- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2-тоқсан		
2- тарау. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау
	Оқылым	10. 2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 10. 2.3.1 - көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
	Жазылым	10. 3.2.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.6.1- жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау.
	Әдеби тіл нормалары	10.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу
3-тоқсан		
3-тарау. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;



		10.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
	Оқылым	10. 2.3.1 - көпшілікке арналған интервью құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10. 2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
	Жазылым	10.3.1.1- ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу; 10.3.5.1- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу.
	Әдеби тіл нормалары	10. 4.4.1- синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу.
4-тарау. Адам өмірін сақтау	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау.
	Оқылым	10. 2.3.1 - көпшілікке арналған очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10. 2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.
	Жазылым	10. 3.3.1- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе); 10.3.1.1- ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, нұсқаулық жазу;

		11.3.4.1- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу.
	Әдеби тіл нормалары	10.4.4.1- синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу
4-тоқсан		
5- тарау. Қылмыс және заң	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу.
	Оқылым	10. 2.3.1 - көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10. 2.6.1- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу.
	Жазылым	10. 3.3.1- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе); 10.3.1.1- ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақалажазу; 11.3.4.1- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
	Әдеби тіл нормалары	10. 4.5.1- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

## 2) 11-сынып

Тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаттары
Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағат.		
1-тоқсан		
1-тарау. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық –саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
	Оқылым	11.2.2.1 - таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы);

		11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
	Жазылым	11.3.1.1.- таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотацияжазу; 11.3.5.1.- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.3.6.1- жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)
	Әдеби тіл нормалары	11.4.1.1- тілдік бірліктердің мәтінтүзімдік қызметін талдау, мақсатқа сай қолдану мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; 11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу
2-тоқсан		
2-тарау. Экология: ядролық және мұнай өндірістері	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
	Оқылым	11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 11.2.6.1- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру
	Жазылым	11.3.4.1- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.3.5.1.- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

	Әдеби тіл нормалары	11.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптайбілу(образды-эстетикалық)
3-тоқсан		
3-тарау. Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
	Оқылым	11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру.
	Жазылым	11.3.1.1-. таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазу; 11.3.2.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.6.1- жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау).
	Әдеби тіл нормалары	11.4.2.1- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
4-тарау. Әлемді өзгерткен өнертабыстар	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;
	Оқылым	11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық

		ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
	Жазылым	11.3.1.1- таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу; 11.3.3.1- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
	Әдеби тіл нормалары	11.4.4.1- тілдік бірліктердің мәтінтүзімдік қызметін талдау, мақсатқа сай қолдану мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
4-тоқсан		
5-тарау. Туризм: экотуризм	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.5.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
	Оқылым	11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
	Жазылым	11.3.2.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.3.1- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі);
	Әдеби тіл нормалары	11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

## **2. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – қазақ тілінің қоғамдық мәнін түсінетін, ұлттық-рухани, адамгершілік, мәдени-эстетикалық құндылықтарды меңгерген, қазақ әдеби тілінің логикалық, бірізділік, жүйелілік нормаларын дұрыс қолдана білетін, сыни ойлау тұрғысынан ойын еркін әрі сауатты жеткізе алатын тұлға қалыптастыру.

3. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) мәтін құраушы тіл бірліктердің қызметі мен олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) мәтін түрлері мен оқу мақсаттары негізінде құрмет, қазақстандық патриотизм, еңбек және шығармашылық, ашықтық, табандылық, өмір бойы білім алу, адалдық және әділеттілік құндылықтарын меңгереді.

6) Қоршаған ортасы мен қоғамы туралы өзіндік ой, пікір түйіп, сол ойды ауызша және жазбаша түрде жеткізе білуге төселеді.

7) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын арттыруды, сөз байлығын молайтуды, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіреді.

### **2-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

4. Қазақ тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

3) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;

4) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат.

5. Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

5) тыңдалым және айтылым;

6) оқылым;

7) жазылым.

8) әдеби тіл нормасы

6.«Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

12. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) ақпаратты түсіну;

8) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

9) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

10) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

11) мәліметтерді өңдей білу;

12) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

13. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

8) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

9) эссе жазу;

10) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

11) шығармашылық жұмыс;

12) мәтіндерді түзету және редакциялау;

14. Әдеби тіл нормасы және тілдік құзыреттілігін жетілдіру бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфографиялық норма;

2) орфоэпиялық норма;

3) лексика-стилистикалық норма;

4) грамматикалық-стильдік норма;

5) пунктуациялық норма.

15. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу; мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау;

мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік, стильдік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары және тілдік құзыреттілігін жетілдіру: мәнмәтін бойынша синтаксистік және стильдік нормаларды стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу, синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану,



сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру; мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік, стильдік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу; ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану; публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу; ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде); мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу (шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу. Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау. Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу. Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады. Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз. Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу. Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу. Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің

тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау. Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну. Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау).

БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар); ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру; ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру; ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, дәріс, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру; публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, ақпараттық хабар, очерк, памфлет жазу; көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша); мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетудер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары және тілдік құзыреттілігін жетілдіру: мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, қолдану (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып аясында) мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық), мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, қолдану нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып), мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

### **3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі**

12. Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік

нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

13. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, факті мен көзқарасты ажырата білу
2. Әртүрлі жанрадағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
3. Мәтіннен ақпаратты анықтау	10.1.3.3-тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.	11.1.3.3- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, факті мен көзқарасты ажырата білу, мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектiлеу) және берiлген ақпараттарды жүйелеу.
4. Негізгі ойды анықтау	10.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру, шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау; берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу	11.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;
5. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
6. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу	11.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

## 2) оқылым

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10. 2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау,	11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау,
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 - таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 – көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру .
6. Оқылым стратегияларын қолдану	10.2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу	11. 2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу
7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10. 2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу

## 3) жазылым

Білім алушылар...		
	10-сынып	11-сынып
1.	10.3.1.1 - жоспар түрлерін құру	11.3.1.1 - жоспар түрлерін құру

Жоспар құру	(қарапайым, күрделі, тезистік)	(күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)
2. Әртүрлі жанрада мәтіндер құрастыру	10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу	11.3.2.1 -таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу
3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	10.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.3.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
4. Эссе жазу	10.3.4.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.4.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	11.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
6. Шығармашылық жұмыс	10.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
7. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)

## 5) Тілдік құзыреттілік:

Білім алушылар...	10-сынып	11-сынып
-------------------	----------	----------

1. Орфографиялық норма	10.4.1.1- мәнмәтін бойынша синтаксистік және стильдік нормаларды стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1- мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, қолдану (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып аясында), мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, ауызша сөйлеуде сөйлем түрлерін орфоэпиялық нормаға сай айту	11.4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу; тақырып аясындағы сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін тану; күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің, терминдердің мағынасын түсіну; сөздердің мақсатқа сай қолданылуына талдау жасау.	11.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық); ғылыми және әлеуметтік-саяси тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну; сөздердің тақырыптың мақсатына сай қолданып тұрғанына талдау жасау. 10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу;
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1- синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану.	11.4.4.1- мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;	11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

14. Осы оқу бағдарламасы қосымшада берілген жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

**Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы  
10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу  
бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

10-сынып:

Тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаттары
<b>1-тоқсан</b>		
Тіл және алаш идеясы	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру, 10. 4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
	Оқылым	10.2.2.1 - ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); 10. 2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу 10.4.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.
	Жазылым	10.3.4.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі); 10.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау 10.4.1.1- мәнмәтін бойынша синтаксистік және стильдік нормаларды стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;

		<p>10.1.3.3-тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау;</p> <p>10. 4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; ауызша сөйлеуде сөйлем түрлерін орфоэпиялық нормаға сай айту</p>
	Оқылым	<p>10.2.3.1 – көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>10.2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу;</p> <p>10.4.3.1 - тақырып аясында қолданылған жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну; сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін тану; сөздердің тақырыптың мақсатына сай қолданылуына талдау жасау;</p>
	Жазылым	<p>10.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу);</p> <p>10.3.4.1- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе)</p> <p>10.4.1.1- мәнмәтін бойынша синтаксистік және стильдік нормаларды стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу</p>
2-тоқсан		
Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет	Тыңдалым және айтылым	<p>10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;</p> <p>10.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау;</p> <p>10. 4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, ауызша сөйлеуде сөйлем түрлерін орфоэпиялық нормаға сай айту</p>
	Оқылым	<p>10.2.3.1 – көпшілікке арналған интервьюдің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау, 10. 2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік</p>



		деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу 10.4.3.1 тақырып аясындағы сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсіну; тірек сөздер мен терминдердің мақсатқа сай қолдануына талдау жасау.
	Жазылым	10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу; 10.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу
Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
	Оқылым	10.2.3.1 – көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау, 10. 2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 10.4.3.1 - тақырып аясында қолданылған жаңа сөздер мен тірек сөздердің, терминдердің мағынасын түсіну; сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін тану; сөздердің стильдік ерекшелігіне сай қолданылуына талдау жасау;
	Жазылым	10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу; 10.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау 10.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу
3- тоқсан		

Білім. Ғылым. Инновация.	Тыңдалым және айтылым	10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау; 10.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау
	Оқылым	10.2.3.1 – көпшілікке арналған очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; 10.4.3.1 - тақырып аясында қолданылған жаңа сөздер мен тірек сөздердің, терминдердің мағынасын түсіну;
	Жазылым	10.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; 10.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); 10.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу
Қазіргі қоғам: еңбек пен шығармашылық әлеуметтік теңсіздік?	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.4.1- шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау; берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу 10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау.
	Оқылым	10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 10.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау;
	Жазылым	10.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.4.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу,

		келіспеу» эссесі, аргументативті эссе); 10.4.4.1- синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану
Қылмыс және заң	Тыңдалым және айтылым	10.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру; 10.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
	Оқылым	10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 10.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 10.4.3.1 - тақырып аясында қолданылған жаңа сөздер мен тірек сөздердің, терминдердің мағынасын түсіну;
	Жазылым	10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, нұсқаулық жазу; 10.3.3.1 - мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.4.1 - қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе); 10.4.4.1- синтаксистік және стильдік нормаларды ажырату, стиль түрлеріне қарай орнымен қолдану
4-тоқсан		
Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 -мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.4.1- шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау; берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу; 10.1.3.3-тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау
	Оқылым	10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу,

		<p>көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;</p> <p>10.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу;</p> <p>10.4.3.1 - тақырып аясында қолданылған жаңа сөздер мен тірек сөздердің, терминдердің мағынасын түсіну;</p> <p>сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін тану;</p> <p>сөздердің стильдік ерекшелігіне сай қолданылуына талдау жасау;</p>
	Жазылым	<p>10.3.2.1 - ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақалажазу;</p> <p>10.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу);</p> <p>10.4.5.1- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу</p>
Сөз мәдениеті және шешендік өнер	Тыңдалым және айтылым	<p>10.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;</p> <p>10.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу</p>
	Оқылым	<p>10.2.5.1- мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу;</p> <p>10. 2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;</p> <p>10.4.3.1 - тақырып аясында қолданылған сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін тану;</p> <p>сөздердің стильдік ерекшелігіне сай қолданылуына талдау жасау;</p>
	Жазылым	<p>10.3.6.1- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу;</p> <p>10.3.7.1- жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;</p> <p>10.4.5.1- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс</p>

		белгілерін қолдана білу
--	--	-------------------------

## 11-сынып:

Тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; факті мен көзқарасты ажырата білу. 11.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау.
	Оқылым	11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; 11.2.5.1 - қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру . 11.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу
	Жазылым	11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе); 11.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау) 11.4.1.1 мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, қолдану (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып аясында), мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2-бөлім. Жастар мәдениеті және мәселесі.	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.3.3- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру ; 11.1.4.1- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу

	Оқылым	<p>11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау</p>
	Жазылым	<p>11.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу,</p> <p>11.3.1.1 - тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)</p> <p>11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу;</p> <p>11.4.1.1- мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, қолдану (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып аясында); мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу</p>
<b>2 - тоқсан</b>		
3-бөлім. Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция	Тыңдалым және айтылым	<p>11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p> <p>11.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу</p> <p>11.4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;</p>
	Оқылым	<p>11.2.2.1 - таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы);</p> <p>11.2.1.1 - әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;</p> <p>11.4.3.1- ғылыми және әлеуметтік-саяси тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.</p>

	Жазылым	11.3.2.1 -таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу; 11.3.3.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.1.1 - тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)
4- бөлім. Әлемді өзгерткен өнертабыстар	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.3.3- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, факті мен көзқарасты ажырата білу, 11.1.4.1- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу
	Оқылым	11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
	Жазылым	11.3.1.1 - жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), 11.1.3.3- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация) 11.3.2.1 -таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу; 11.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптайбілу(образды-эстетикалық)
3- тоқсан		
5-бөлім. Бейбітшілік,	Тыңдалым және	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы

қауіпсіздік және жаһандық экономика	айтылым	арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау
	Оқылым	11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; 11. 2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; 11.4.3.1- ғылыми және әлеуметтік-саяси тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.
	Жазылым	11.3.4.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе); 11.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.4.3.1- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптайбілу(образды-эстетикалық)
6-бөлім. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
	Оқылым	11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 - әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. 11.2.5.1 - қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру .



	Жазылым	<p>11.3.2.1 -таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация, рецензия жазу;</p> <p>11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу;</p> <p>11.4.4.1- мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, стильдік ерекшелігіне сай қолдану, нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)</p>
7-бөлім. Табиғат және экология	Тыңдалым және айтылым	<p>11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу,</p> <p>11.1.3.3- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу.</p> <p>11.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау.</p>
	Оқылым	<p>11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;</p> <p>11. 2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу;</p> <p>11.4.3.1- ғылыми және әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.</p>
	Жазылым	<p>11.3.3.1- мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау;</p> <p>11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу</p> <p>11.4.4.1- мәтін байласымы мен тұтастығын сақтайтын тілдік бірліктердің қызметін талдау, стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)</p>
4- тоқсан		
8-бөлім. Жаңа әлемдегі театр мен киноматография	Тыңдалым және айтылым	<p>11.1.2.1- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p> <p>11.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу,</p>

		тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
	Оқылым	11.2.3.1 – таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11. 2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру .
	Жазылым	11.3.2.1 -таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу; 11.3.7.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау); 11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу
9-бөлім: Еңбек нарығы және сұраныс	Тыңдалым және айтылым	11.1.3.3- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу. 11.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, 11.1.5.1 - мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
	Оқылым	11.2.1.1 - әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11. 2.6.1 - қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру . 11.2.7.1 - БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу,
	Жазылым	11.3.1.1 - жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)  11.3.4.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын

		дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе); 11.4.5.1- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.
--	--	--

**Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған  
«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың салыстырмалы кестесі**

Қолданыстағы бағдарлама	Жетілдірілген бағдарлама	Негіздемесі
<p align="center">Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы</p> <p align="center">1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).</p> <p>2. Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.</p> <p>3. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:</p> <p>1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;</p> <p>2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;</p>	<p align="center">Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы</p> <p align="center">1-тарау. Жалпы ережелер</p> <p>4. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.</p> <p>4. Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – қазақ тілінің қоғамдық мәнін түсінетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерген, қазақ әдеби тілі нормаларын дұрыс қолдана білетін, сыни ойлау тұрғысынан ойын еркін әрі сауатты жеткізе алатын тұлға қалыптастыру.</p> <p>1. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері: «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:</p> <p>5. Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;</p> <p>6. білім алушыларда қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;</p> <p>7. мәтін құраушы тіл бірліктердің қызметі мен олардың табиғатын танып біледі;</p> <p>8. тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру,</p>	<p>Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты тіл арқылы білім алушыларға құндылықтарды меңгерту болуы керек.</p> <p>Мәтінмен жұмыс істейтін білім алушы ең біріншіден мәтін құраушы тіл бірліктердің қызметі мен олардың табиғатын танып білуі керек.</p>

мемлекеттің дамуы;

Қазақстанның экономикалық дамуы.

9. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

этникалық қатынастар;

әлеуметтік қатынастар.

10. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

дүниетаным мен дін;

өнер мен әдебиет;

білім және ғылым.

11. «Мемлекеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

мемлекеттің ішкі саясаты;

мемлекеттің сыртқы саясаты.

12.«Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден

тұрады:

шаруашылық;  
өндірістік қатынастар және сауда.

13. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

14. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

15. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

16. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және

бағалайды.

17. 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық ахуалы. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіп және сауда. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Жадидшілдер қозғалысы. Қарқаралы петициясы. I және II Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттары. Ұлттық баспаның дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: (себептері, барысы мен салдары. Көтеріліс басшылары). 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясының құрылуы. «Алашорда», үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары: Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дұлатов, М.Тынышбаев, М.Шоқайдың қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ағартушылық қызметі. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері мен мұралары;

2) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнауы. «Үш Жүз» және оның көсемі Көлбай Тоғысов. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының «Алашорда» үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. «Әскери коммунизм саясаты». Қырревком қызметі. 1921-1922 жж. аштық. 1921 ж. жер-су реформасы. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы, бекітілуі. Қазақ зиялыларының қазақ елі шекарасын анықтаудағы ролі. 1924-1925 жылдардағы шекараны қайта межелеу. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1928 жылдар) табыстары және салдары. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы пікір-талас – С.Сәдуақасов. «Кіші Қазан» (мазмұны және жүзеге асырылуы). 1928 ж. 27 тамыздағы «Байлар шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Республика Аткомы мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Декреті. Ауыл шаруашылығындағы жаппай күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының қасіретті салдары. 1929-1932 жылдардағы шаруалар көтерілістері және наразылықтар. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың («Бесеудің хаты») қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 20-30 жж. республикадағы қоғамдық-саяси өмір және қайраткерлері (С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, Н.Төрекұлов, С.Қожанов т.б.). 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер, сталиндік қуғын-сүргіндер. 1936-1938 жж. «Үлкен террор» және оның Қазақстандағы салдары. Қазақстан аумағындағы кеңестік «еңбек түзеу» концентрациялық



лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар). 1936 ж. КСРО-ның Конституциясының қабылдануы. 1936 жылдың 5-желтоқсан Қазақстанға одақтас республика (Қазақстан шекарасындағы өзгерістер).

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А.Байтұрсынов – «ұлт ұстазы». Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы, Б.Майлин, І.Жансүгіров шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. 1936 ж. Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология (Т.Жүргенов, Ж.Шанин т.б.). Социалистік реализм (С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин);

5) II дүниежүзілік соғыс және қазақстандықтар. Кеңес-Герман соғысының басталуы. Фашистік басшылығының жоспарларында Қазақстанның соғыс және соғыстан кейінгі жылдарындағы орны. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстан сарбаздарының ерлігі мен тағдыры. Қазақстан жауынгерлерінің II дүниежүзілік соғыстың совет-герман майданы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақ қыздарының соғыстағы өшпес ерлігі (Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова, Күлкен Тоқбергенова, Күлжамила Талқанбаева, Жамал Байтасова және т.б.). Қазақстан – майдан арсеналы. Республика еңбекшілерінің жеңіске жету ісіне қосқан үлесі. Соғыстың қорытындысы және нәтижелері. Соғыс кезінде Кеңес мемлекетінің ұлт қатынастары саласындағы саясаты. Бірқатар халықтардың Қазақстанға күштеп жер аударылып, депортациялануы және олардың тағдырлары. Соғыс жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино). «Қазақфильм» киностудиясының қалыптасуы;

6) Қазақстандағы соғыстан кейінгі саяси-жағдай (1945-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. «Бекмаханов ісі». Ж.Шаяхметовтің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі;

7) Сталиннің өлімі және республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістері. Хрущевтік волюнтаристік жүйенің қалыптасуы және Қазақстан (1953-1964 жж.). «Жылымық» кезеңі. Кеңгір лагеріндегі көтеріліс, Карлаг жүйесінің жойылуы. Қазақстанда «Хрущевтік кезеңдегі» өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен

(«Байқоңыр» ғарыш айлағы). «1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір, мемлекет қайраткерлері: Ж.Тәшенов (1915-1986 жж.), Н.Оңдасынов (1904-1989), Т.Тәжібаев (1910-1964). 1959 ж. Теміртау оқиғасы. Отандастарымыздың Қытайдан оралуы;

8) 1964-1982 жылдардағы Қазақстан. Сегізінші («алтын») бесжылдықтың (1966-1970 жж.) Қазақстандағы қорытындылары. Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1970-1985 жылдар). 1970-1980-жылдардың ортасындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы әкімшілік-әміршілдік қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы. Д.А. Қонаевтың (1912-1993 жж.) мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі;

9) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1945-1985-жылдар): жетістіктері және қайшылықтары. Білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә.Нұрпейісов, Б.Момышұлы, І.Есенберлин, Қ.Мұхамедханов, О.Сүлейменов, М.Мағауин, М.Шаханов, Г.Бельгер, Ә.Кекілбай, Қ.Мырзалы, А.Османова т.б.). Өнер (театр, кино Ш.Айманов, А.Қарсақбаев, С.Қожықов т.б.).

18. 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). «Қайта құру» жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, мәселелері, қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің қатысушыларына қатысты жазалау шаралары (Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Е.Сыпатаев, Л.Асанова және т.б.). «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» (1990 жыл, 25 қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылдағы «Тамыз бүлігі»). КСРО-ның ыдырауы. Семей полигонының жабылуы. Қазақстан Компартиясының таралуы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар және қоғамдық ұйымдар («Азат», «Желтоқсан», «Алаш» т.б.), көппартиялық саяси жүйе қалыптастыру. «Қазақ КСР-ның тілдер туралы» заңының қабылдануы;

2) Қазақ мемлекетінің қайта жаңғыруы. (1991-1997 жылдар). «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңның қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Мемлекеттік құрылыс. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы (ұлттық әскер, қауіпсіздік органдар). Еліміздің тәуелсіздік алғанан кейінгі әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер (1997 жылғы аймақтарды біріктіру және 2018, 2022 жж. құрылған жаңа облыстар);

3) Нарықтық экономикаға көшу: қиындықтары, маңызы және ерекшеліктері. Дербес ақша-қаржы жүйесінің қалыптасуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері және наградалары. Қазақстанның

әлемдік қауымдастыққа интеграциясы және әлем елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатуы. Қазақстан Республикасының алғашқы дипломаттары: (Б. Бөлтірікова (1921-1998), Т. Сүлейменов, Қ.Ж. Тоқаев, А.Х. Арыстанбекова т.б.). Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы демографиялық үдерістер. Халық санағы (2021 ж.). Ирригенттер және шет елдердегі қазақ диаспорасы. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайлары. Қазақстандағы этностық топтар. 1993 және 1995 жылдардағы Конституция;

4) Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары («Қазақстан – 2030» стратегиясының жариялануы). Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі, аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Халықаралық саясаттағы Қазақстанның бастамалары. Қазақстан Республикасының БҰҰ, АӨСШҚ, ШЫҰ, ЕЭК және т.б. халықаралық ұйымдарға мүше болуы. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) және Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ) төрағалығы. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа Елордасы. Каспий теңізі аймағы шекараларының айқындалуы. 2011 жылғы Жаңаөзен оқиғасы, мұнайшылар наразылығы (себептері және салдары). Қазақстанның мемлекеттік стратегиялық даму құжаттары мен бағдарламалары («Қазақстан-2050»). Ұлт жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап қатерлері;

5) Әлемнің жаһандану жағдайындағы Қазақстанның модернизациялануы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Президенттігіне сайлануы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі (01.09.2021). Ұлттық қоғамдық кеңестің құрылуы. Ұлттық құрылтай. Covid-19 пандемиясының еліміздегі қоғамдық-саяси өмірге әкелген өзгерістері мен қаупі (2020-2022) жж. Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» еңбегі (5 қаңтар 2021 ж.) және ҚР 30 жылдықтағы дамуының белестері: «Жетістіктер және мүмкіндіктер». «Қаңтар наразылығы» (себептері, барысы мен салдары). Қаңтардан кейінгі өзгерістер және реформалар. «Жаңа Қазақстан - Әділетті Қазақстан». Референдум. Азаматтық қоғам белсенділігінің артуы. Абай және ХХІ ғасыр. Жастар - қоғамның қозғаушы күші. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығы. Ұлытаудағы бірінші Ұлттық құрылтай (16.06.2022 г.). 2022 жылдың 20-қарашасы кезектен тыс Президент сайлауы;

6) Тәуелсіз Қазақстан мәдениеті. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстандағы қоғамдық келісім және дінаралық қатынастар. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және мәдени мирасты сақтау. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму үрдістері. «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламалары. Ұлттық құндылықтар. «Туған жер» «Мәңгілік Ел» жалпықазақстандық ұлттық идеясы. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. «Ұлы даланың жеті қыры». 2022 жыл

балалар жылы.

**Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11- сыныптарына арналған  
«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың салыстырмалы кестесі**

№	Құрылымды элемент	Қолданыстағы нұсқа	Ұсынылатын нұсқа	Негіздеме
		<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «07» наурыздағы № 105 бұйрығына 18-қосымша</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 352 бұйрығына 201-қосымша</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 419-қосымша</p> <p>Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)</p> <p align="center">1-тарау. Жалпы ережелер</p>	<p>Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы</p> <p align="center">1-тарау. Жалпы ережелер</p>	

	<p>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).</p> <p>2. Отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>3. Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>4. Оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.</p> <p>5. Оқу пәнінің міндеттері:</p> <p>1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік,</p>	<p>1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).</p> <p>2. Отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>3. Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>4. Оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.</p> <p>5. Оқу пәнінің міндеттері:</p>	
--	--	---	--

	<p>экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;</p> <p>2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білімалушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;</p> <p>3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;</p> <p>4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;</p> <p>5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;</p> <p>6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;</p> <p>7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;</p> <p>8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.</p> <p>2-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын</p>	<p>1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;</p> <p>2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;</p> <p>3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;</p> <p>4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;</p> <p>5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;</p> <p>6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;</p> <p>7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;</p> <p>8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.</p> <p>2-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын</p>	
--	---	---	--

	<p style="text-align: center;">ұйымдастыру</p> <p>6. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:  1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;  2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.  Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).</p> <p>7. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.</p> <p>8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:  10-сыныпта:  1) өркениет: даму ерекшеліктері;  2) этникалық және әлеуметтік процестер;  3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;  4) мәдениеттің дамуы.  11-сыныпта:  1) өркениет: даму ерекшеліктері;  2) саяси-құқықтық процестер;  3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;  4) білім мен ғылымның дамуы.  9. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 10-</p>	<p style="text-align: center;">ұйымдастыру</p> <p>6. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:  1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты;  2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.  Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).</p> <p>7. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.</p> <p>8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:  <b>1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;</b>  <b>2) мәдениеттің дамуы;</b>  <b>3) мемлекеттің дамуы;</b>  <b>4) Қазақстанның экономикалық дамуы.</b></p> <p><b>9. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</b>  <b>1) этникалық қатынастар;</b>  <b>2) әлеуметтік қатынастар.</b></p> <p><b>10. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</b>  <b>1) дүниетаным мен дін;</b>  <b>2) өнер мен әдебиет;</b></p>	
--	---	---	--



	<p>сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы;</p> <p>2) Ұлы дала өркениеті;</p> <p>3) Орталық Азия және әлемдік өркениет.</p> <p>10. «Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) қазақ халқының шығу тегінің бастауы;</p> <p>2) дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы.</p> <p>11. «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер;</p> <p>2) Ұлы даланың көшпенді империялары;</p> <p>3) қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет;</p> <p>4) тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту.</p> <p>12. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы;</p> <p>2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті;</p> <p>3) ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.</p> <p>13. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі;</p> <p>2) дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері;</p> <p>3) Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы.</p> <p>14. «Саяси-құқықтық процестер» бөлімі 11-сыныпта</p>	<p>3) <b>білім және ғылым.</b></p> <p>11. «Мемлекеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) мемлекеттің ішкі саясаты;</p> <p>2) мемлекеттің сыртқы саясаты.</p> <p>12.«Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) шаруашылық;</p> <p>2) өндірістік қатынастар және сауда.</p> <p>13. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.</p> <p>14. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>15. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:</p> <p>1) өзгеріс пен сабақтастық;</p> <p>2) себеп пен салдар;</p> <p>3) дәлел;</p> <p>4) ұқсастық пен айырмашылық;</p> <p>5) маңыздылық;</p> <p>6) интерпретация.</p> <p>16. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:</p> <p>1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи</p>	
--	---	---	--

	<p>келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.</p> <p>15. «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы;</p> <p>2) «Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея;</p> <p>3) «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негізі.</p> <p>16. «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:</p> <p>1) ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы;</p> <p>2) ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы;</p> <p>3) қазіргі кезеңдегі Қазақстандық білім және ғылым жүйесі.</p> <p>17. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.</p> <p>18. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>19. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:</p> <p>1) өзгеріс пен сабақтастық;</p> <p>2) себеп пен салдар;</p> <p>3) дәлел;</p>	<p>процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;</p> <p>2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;</p> <p>3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;</p> <p>4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;</p> <p>5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;</p> <p>6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.</p>	
--	--	---	--

	<p>4) ұқсастық пен айырмашылық;  5) маңыздылық;  6) интерпретация.</p> <p>20. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:</p> <p>1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;</p> <p>2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;</p> <p>3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;</p> <p>4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт</p>		
--	---	--	--

	<p>кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;</p> <p>5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;</p> <p>6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.</p>		
	<p><b>21. 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:</b></p> <p>1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. «Орталық Азия» ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. «Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Зерттеу жұмысы:</p>	<p><b>10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:</b></p> <p>1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық ахуалы. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіп және сауда. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Жадидшілдер қозғалысы. Қарқаралы петициясы. I және II Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттары. Ұлттық баспаның дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: (себептері, барысы мен салдары. Көтеріліс басшылары). 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясының құрылуы. «Алашорда», үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары: Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дұлатов, М. Тынышбаев, М. Шоқайдың қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ағартушылық қызметі. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері мен мұралары;</p> <p>2) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнауы. «Үш Жүз»</p>	<p>XX ғасыр – әлем тарихында ерекше із қалдырған қарама-қайшылыққа толы, қоғамдық дамудың көпқырлы екендігін танытқан кезең. 10-сыныпқа арналған бағдарлама осы кезеңге арналады. Бұл кезеңде әлемдік өркениеттің бейнесін түбегейлі өзгерткен маңызды оқиғалар болып өтті. Қазақстанда бір жағынан, миллиондаған адам өмірін жалмаған Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, революциялар, аштық, қуғын-сүргін, екінші</p>

	<p>Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала;  2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. «Антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырларлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. «Ауызша тарихнама», «шежіре», «ру», «тайпа», «ата-жұрт», «атамекен», «ел» ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. «Ақсүйек», «қарасүйек», «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі. Зерттеу жұмысы: Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы;  3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. «Мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы</p>	<p>және оның көсемі Көлбай Тоғысов. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының «Алашорда» үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. «Әскери коммунизм саясаты». Қырревком қызметі. 1921-1922 жж. аштық. 1921 ж. жер-су реформасы. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы, бекітілуі. Қазақ зиялыларының қазақ елі шекарасын анықтаудағы ролі. 1924-1925 жылдардағы шекараны қайта межелеу. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1928 жылдар) табыстары және салдары. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;  3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы пікір-талас - С. Сәдуақасов. «Кіші Қазан» (мазмұны және жүзеге асырылуы). 1928 ж. 27 тамыздағы «Байлар шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Республика Аткомы мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Декреті. Ауыл шаруашылығындағы жаппай күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының қасіретті салдары. 1929-1932 жылдардағы шаруалар көтерілістері және наразылықтар. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың («Бесеудің хаты») қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер, сталиндік қуғын-сүргіндер. Қазақстан</p>	<p>жағынан, ғылыми-техникалық үдеріс, мәдениет жетістіктерінің жылдам қарқынды дамуы. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірудегі Қазақстанның рөлі, 1960-1980 жж. ғылыми-техникалық үдеріс, ғарышты игеруді бастау, мәдениет жетістіктері, байланыс құралдарының жылдам қарқынды дамуы, әлем картасында тәуелсіз жаңа мемлекеттердің пайда болуына жасалған алғашқы қадамдар (т.б.) қазіргі әлем құрылымына айтарлықтай әсер етті. Бағдарлама хронологиялық принцип бойынша құрылған 9 негізгі бөлімнен тұрады. «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» деп аталатын бірінші</p>
--	--	--	---

	<p>мен дамуындағы түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. «Автономдық кеңес республикасы», «Кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі – тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары; Зерттеу жұмысы: Қазақ</p>	<p>аумағындағы кеңестік «еңбек түзеу» концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар). <b>1936 ж. КСРО-ның жаңа «толық жеңіске жеткен социализмнің» сталиндік Конституциясының қабылдануы. Қазақстанға одақтас республика «дәрежесінің» берілуі (Қазақстан шекарасындағы өзгерістер). Кеңестік кезеңдегі қазақ дипломатиясы (Нәзір Төрекұлов (1892-1937)).</b> 1936-1938 жж. «Үлкен террор» және оның Қазақстандағы салдары;</p> <p>4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А. Байтұрсынов – «ұлт ұстазы». Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ. Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж. Аймауытов, <b>С. Торайғыров</b>, <b>М. Жұмабаев</b>, <b>Қ. Кеменгерұлы</b>, Б. Майлин, І. Жансүгіров шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. 1936 ж. Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология (<b>Т. Жүргенов</b>, <b>Ж. Шанин т.б.</b>). Социалистік реализм (С. Сейфуллин, С. Мұқанов, <b>Ғ. Мүсірепов</b>, <b>Ғ. Мұстафин</b>);</p> <p>5) II дүниежүзілік соғыс және қазақстандықтар. Кеңес-Герман соғысының басталуы. Фашистік басшылығының жоспарларында Қазақстанның соғыс және соғыстан кейінгі жылдарындағы орны. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстан сарбаздарының ерлігі мен тағдыры. Қазақстан</p>	<p>бөлімде Қазақстандағы ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістер мен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс айтылады. Екінші бөлім 1917 жылғы төңкерістер, кеңес үкіметінің орнауы мен жиырмасыншы жылдардағы оқиғалар қарастырылады. Үшінші бөлімде Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңіндегі Қазақ АКСР-ның құрылуы, «Кіші Қазан», индустрияландыру, ұжымдастыру, қоғамдық-саяси үдерістер және сталиндік қуғын-сүргіндер баяндалады. Төртінші бөлімде 1920-1940 жж. кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылымы. Бесінші бөлімде II</p>
--	---	---	--

	<p>мемлекеттілігінің эволюциясы;</p> <p>4) мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. «Мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. «Әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсетушынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі. Зерттеу жұмысы: Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.</p>	<p>жауынгерлерінің II дүниежүзілік соғыстың совет-герман майданы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақ қыздарының соғыстағы өшпес ерлігі (М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, <b>Х. Доспанова, Қарағандының төрт танқышы қыздары, және т.б.</b>). Қазақстан – майдан арсеналы. Республика еңбекшілерінің жеңіске жету ісіне қосқан үлесі. Соғыстың қорытындысы және нәтижелері. Соғыс кезінде Кеңес мемлекетінің ұлт қатынастары саласындағы саясаты. Бірқатар халықтардың Қазақстанға күштеп жер аударылып, депортациялануы және олардың тағдырлары. Соғыс жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (<b>М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ж. Жабаяев, Д. Снегин, И. Шухов және тағы басқалар</b>). Өнердің дамуы (театр, кино). «Қазақфильм» киностудиясының қалыптасуы;</p> <p>6) Қазақстандағы соғыстан кейінгі саяси-жағдай (1945-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. «Бекмаханов ісі». <b>Ж. Шаяхметовтің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі;</b></p> <p>7) Сталиннің өлімі және республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістері. Хрущевтік волонтаристік жүйенің қалыптасуы және Қазақстан (1953-1964 жж.). «Жылымық» кезеңі. Кеңгір лагеріндегі көтеріліс, Карлаг жүйесінің жойылуы. Қазақстанда «Хрущевтік кезеңдегі» өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған</p>	<p>дүниежүзілік соғыс және қазақстандықтар, алтыншы бөлімде Қазақстандағы соғыстан кейінгі саяси-жағдайлар (1945-1953 жылдар) берілген. Жеті, сегіз, тоғызыншы бөлімдерде Сталиннің өлімі және республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер. 1964-1982 жылдардағы Қазақстан. Сегізінші («алтын») бесжылдықтың (1966-1970 жж.) орны, Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1945-1985-жылдар), жетістіктері және қайшылықтары. Білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы және әдебиеттің дамуы баса айтылады.</p>
--	--	--	---

			<p>жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен («Байқоңыр» ғарыш айлағы). «1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір, мемлекет қайраткерлері: <b>Ж. Тәшенов (1915-1986 жж.), М.А. Абдыкалықов (1907-2006 жж.), Н. Оңдасынов (1904-1989), Т.Тәжібаев (1910-1964)</b>. 1959 ж. Теміртау оқиғасы. Отандастарымыздың Қытайдан оралуы;</p> <p>8) 1964-1982 жылдардағы Қазақстан. Сегізінші («алтын») бесжылдықтың (1966-1970 жж.) Қазақстандағы қорытындылары. Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1970-1985 жылдар). 1970-1980-жылдардың ортасындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. <b>Урбанизация.</b> 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. <b>1965-1985 жылдардағы әкімшілік-әміршілдік қоғамдық-саяси өмір. Партноменклатура өкілдері, шаруашылық және өндіріс басшылары.</b> 1979 жылғы Целиноград оқиғасы. <b>Д.А. Қонаевтың (1912-1993 жж.) мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі;</b></p> <p>9) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1945-1985-жылдар): жетістіктері және қайшылықтары. Білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (<b>Ө. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, Қ.Мұхамедханов, О. Сүлейменов, М. Мағауин, М. Шаханов, Г. Бельгер, Ә. Кекілбаев, Қ. Мырзалы, А.Османова т.б.</b>). Өнер (театр, кино <b>Ш. Айманов, А. Қарсақбаев, С. Қожықов т.б.</b>).</p>	<p>Бағдарламада әлеуметтік-экономикалық және этно-демографиялық процестер, сондай-ақ ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихына арналған «тұлғалар тарихы» түріндегі материалдар маңызды орын алады, яғни тарихты, әдетте, халқына адал, елінің болашағына сенетін тұлғалар жасайтыны көрсетілген. Бағдарламаға Қазақстанның ең танымал қоғам және саяси қайраткерлерінің есімдері енгізілген.</p> <p>10 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұнына енгізілген. <b>өзгерістерге негіздеме</b></p> <p>9 тараудан тұратын <b>10 сыныптың</b> барлық бөлімдеріне <b>аздаған редакциялық</b></p>
--	--	--	---	--



			<p><b>өзгерістер мен толықтырулар енді.</b> Әсіресе бұл өзгерістер аталған кезеңдерде үлкен рөл атқарған ірі мемлекет және саяси қайраткерлерге, мәдениетімізді дамытқан тұлғаларға байланысты болды. 1965-1985 жылдардағы әкімшілік-әміршілдік қоғамдық-саяси өмір. Урбанизация. Партноменклатура өкілдері, шаруашылық және өндіріс басшыларының қызметтері де аталды.</p>
	<p><b>22. 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:</b></p> <p>1) өркениет: даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. «Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі», «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің</p>	<p><b>11 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:</b></p> <p>1) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). «Қайта құру» жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, мәселелері, қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің қатысушыларына қатысты жазалау шаралары (<b>Қ. Рысқұлбеков, М Әбдіқұлов, Е. Сыпатаев, Л. Асанова және т.б.</b>). «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы</p>	<p>11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы (1986 жылдан бүгінгі күнге дейін)» бағдарламасы - кеңестік және посткеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихына арналады, сонымен бірге бұл курс интеллектуалды, рухани дамыған,</p>

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;

2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген);

3. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

4. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

5. Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

6. Пәннің міндеттері:

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды

жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу;

6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

7. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

1) теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

2) практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

8. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін білім алушылар оқығанда:

1) әр азамат өз Отанының қауіпсіздігін және оны қорғаудың қажеттілігі мен маңызын түсінуге;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құралымдарында қызмет атқару үшін қажетті білім, білік және дағды алуға;

3) алынған пәндік білім, білік және дағдыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет еткенде қолдануға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы толық логикалық бір-бірімен байланысты ұғымдар туралы үйлесімді жүйені қалыптастыруға;

5) өзінің дене бітімінің физикалық дамуының іс-әрекет құзыретін жақсарту қажеттілігін бағалауға;

6) жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға және үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге;

7) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

## **2-тарау. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

9. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 34 сағат қарастырылған;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат.

10. Барлық жалпы білім беру мектептерінде меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Алғашқы әскери және технологиялық

дайындық» пәні бойынша құралдар және жиһаздармен жабдықтау нормасына сәйкес көрнекіліктер, ақпараттық стендтермен және техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі жетілдіріліп отырады.

11. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағына білім алушылар білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп белгіленген киім үлгісінде қатысуы тиіс. Қару макеттері және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі білім беру ұйымдарының есебінен іске асырылады.

12. Кіріспе сабақты өткізу кезінде білім алушыны әскери қызметке даярлау және Қазақстан Республикасын қорғауға, алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін адамгершілік-жігер, психологиялық және физикалық күшін жұмылдыра білу қажеттілігіне баса назар аударылады.

13. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

14. Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

15. Тактикалық дайындық алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша оқу материалын кешенді оқытуды қамтамасыз етеді:

1) білім алушылар сабақ кезінде мотоатқыштар бөлімшесінің ұйымдастыру құрылысы және штаттық қару-жарағының ұрыстық мүмкіндіктері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымдары, бөлімдерінің негізгі қару-жарақ түрлері мен әскери техникалар бойынша берік теориялық білім алады, сарбаздың әр түрлі ұрыстағы іс-әрекетіндегі қару және жарықшақты қол гранаталарын қолданудағы практикалық дағдылар шыңдалады;

2) тактикалық дайындықтың практикалық сабақтарында автоматтың макеттері, шағын саперлік күректердің, сонымен қатар оқу гранаталардың сөмкесінде бар болуы қарастырылуы тиіс.

16. Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде қару және оқ-дәрілерді қолданудың қауіпсіздік ережелеріне баса назар аударған дұрыс:

1) білім алушылар сабақ кезінде атыс қаруының құрылысы, оларды атуға даярлау тәртібі, ату негіздері мен ережесін, қаруды сақтау ережелерін игереді;

2) атыс дайындығының практикалық сабақтарында АК-74 салмақты-пішінді макеті, пневматикалық винтовка, сонымен қатар пневматикалық оқтардың, нысаналардың болуы қарастырылады.

17. Саптық дайындық бойынша сабақтар саптық алаңда өткізіледі:

1) практикалық сабақтарды өткізу барысында саптық тәсілдерді үйрену кезінде оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуіне баса назар аударылады;

2) білім алушылардың жаттығу жасауы міндетті түрде сабақта қарастырылады.

18. 10-сыныпта әскери топография сабақтарын білім алушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қатар ұшқышсыз қашықтықта ұшатын аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

19. 10-сыныпта өмір қауіпсіздігі негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

20. 10-сыныпта білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін дамыту, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатында оқу жылының соңында әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) немесе тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарында 34 сағат көлемінде бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиын өткізіледі.

21. Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

22. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау ауызша сұрақ қою, жазба жұмыстары мен бақылау-практикалық жаттығуларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

23. 10 және 11-сыныптардағы технологиялық дайындыққа арналған бөлім Әскери істегі технологиялық даярлық негіздерін, тактикалық модельдеуді, модельдеуді қолдану, қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі түрлерін, ақпараттық технологияларды, әскери робототехниканы, өз ісінің маманы ретінде әскери қызметшіні (кәсіптік бағдарлау), ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздікті, роботтарға арналған міндеттерді және оларды басқару алгоритмін зерделеуді көздейді.

24. Оқытудың негізгі нысандары теориялық, зертханалық-практикалық, бақылау-практикалық сабақтары болып табылады.

25. Теориялық, зертханалық-практикалық және бақылау-практикалық сабақтардың оқу сағатының ұзақтығы – 40 минут.

26. Зертханалық-практикалық сабақтарды үзіліссіз 80 минут бойы өткізуге жол беріледі.

27. Теориялық, зертханалық-практикалық және бақылау-практикалық



сабақтарды оқытушы жүргізеді.

28. Зертханалық-практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды зерделегеннен кейін иллюстрациялық және зерттеушілік жоспарда жүргізіледі.

29. Практикалық сабақ басталғанға дейін білім алушылар негізгі ережелерді орындау мен қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқаулықтан өтеді.

30. Білім алушының дайындық деңгейін анықтау және оның білімін бағалау сынақ нысанында жүргізіледі. Сынақ мақсаты білім алушылардың міндетті дайындық деңгейіне оқу жетістіктерін бағалау болып табылады.

31. Әрбір оқыту ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты оқытудың оқу жылына есептелген күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрылады.

32. Оқыту процесінде оқу пәндерімен пәнаралық байланыс іске асырылады:

1) «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі»: сөз қорын алғашқы әскери және технологиялық дайындық саласына қатысты терминдермен толықтыру;

2) «Физика»: уақыт, кеңістік және материяның физикалық процесінің адам және қоғамға тигізетін әсерін білу;

3) «Биология»: адам гигиенасы және физиологиясын білу, сонымен қатар зиянды дағдылардың ағзаға тигізетін зияны туралы білімді қолдану;

4) «Химия»: уытты заттардың адам ағзасына тигізетін әсерін білу; әскери істе қолданылатын жарылғыш заттарды қолданғандағы қауіпсіздік тәртібін білу;

5) «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы»: отансүйгіштікті тәрбиелеу, Қазақстан халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметті тәрбиелеу, бір тарихи процес ретінде адамзаттың тарихын білу;

6) «Құқық негіздері»: мемлекеттің заң шығару негіздерін, Қазақстан азаматының құқығы мен міндеттерін білу;

7) «География»: бағыт тұстарын білу, түрлі белгілер және топографиялық карта бойынша жергілікті жерде бағдарлау біліктілігі, қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының аумағы мен шекараларын анықтау;

8) «Дене шынықтыру»: саптық жаттығуларды қолдану, граната лақтыру, кедергілер жолағынан өту;

9) «Информатика»: білім беру процесін сүйемелдеуде білім алушылардың білімінің сапасын арттыру мақсатында IT-технология білімін пәндік ақпараттық ортада моделдеу, құрастыру және талдау, сондай-ақ «Геотактика» бағдарламалық өнімін енгізу есебінен білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында білім беру процесін сүйемелдеуде IT-технологияларды пайдалану. Геотактика білім алушыларға әскери іс негіздері, қару-жарақ пен әскери техника түрлері, IT-технологиялар, әскери робототехника және тактикалық модельдеу бойынша алғашқы білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

33. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып.

34. «Кіріспе сабағы» бөлімі:

1) Білім алушыларға «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұны;

2) «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген). Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттері.

35. «Әскери қызметтің құқықтық негіздері» бөлімі:

1) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі – мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі. Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, олардың құрамы мен мақсаты;

2) Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері. Әскери рәміздер. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Бөлімнің Жауынгерлік Туы. Әскери қызметшілерге әскери ант талаптары. Әскери қызмет Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеті;

3) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептері.

36. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары» бөлімі:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілері;

2) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары – Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасау;

3) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалаулар.

37. «Тактикалық дайындық» бөлімі:

1) Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің

ұрыстық мүмкіндіктері;

2) Сарбаздың негізгі ұрыс түрлеріндегі іс-қимылдары - Сарбаздың ұрыстағы әрекеті. Ұрыстың негізгі түрлері бойынша жеке құрамның міндеттері.

38. «Атыс дайындығы» бөлімі:

1) Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмі;

2) Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысы;

3) Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау –Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдары;

4) Жарықшақты қол гранаталары – Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындау.

39. «Саптық дайындық» бөлімі:

1) Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Реттел!», «Тоқтат!», «Бас киімдерінді (киімді) ШЕШ!», «Бас киімдерінді (бас киімді) КИ!» пәрмендерін орындау;

2) Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс. Қозғалыстағы бұрылыстар.

40. «Әскери топография» бөлімі:

1) Жергілікті жерде картасыз бағдарлау – Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасау;

2) Магнитті азимутты анықтау – Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтиды: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.

41. «Технологиялық дайындық» бөлімі:

1) Әскери істегі технологиялық даярлық негіздері – Технологиялық даярлық туралы жалпы мәліметтер. Әскери істегі технологиялық даярлықтың түрлері мен қолданылуы;

2) Тактикалық модельдеу негіздері – Ұрысты тактикалық модельдеу туралы жалпы мәліметтер. Жауынгерлік модельдеу түрлері. Әскери істегі тактикалық модельдеу негіздері;

3) Әскери істе модельдеуді қолдану – Ұрыстың тактикалық жағдайын жасау. Жауынгерлік модельдеу кезінде бағдарламалық жасақтаманы пайдалану;

4) Қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі түрлері – ҚР ҚК-дегі қару-жарақ пен әскери техника туралы жалпы мәліметтер, олардың негізгі түрлері мен мақсаты;

5) Ақпараттық технология негіздері – Ақпараттық технология туралы жалпы мәліметтер. Әскери істе IT-технология мен цифрландыруды қолдану;

6) Әскери роботты техника негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Әскери істерде роботтарды қолдану.

42. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бөлімі қамтиды:

1) Қауіпсіздік негіздері және олардың жіктелуі – Қауіпсіздік туралы жалпы мәліметтер. Қауіпсіздікті жіктеу;

2) Қоршаған орта және адам қауіпсіздігі – Қоршаған орта туралы жалпы мәліметтер. Қоршаған ортадағы адам қауіпсіздігінің рөлі;

3) Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуы;

4) Жаппай қырып-жоятын қарудың негізгі түрлері және сипаттамасы – Жалпы мәліметтер және жаппай қырып-жоятын қару түрлері. Ядролық қару және оның сипаттамасы. Химиялық қару, оны қолдану белгілері. Биологиялық (бактериологиялық) қару, оны зақымдайтын әсері, қолдану белгілері. Бактериологиялық зақымдану ошағы, оның сипаттамасы;

5) Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары – Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары туралы жалпы мәліметтер, олардың сипаттамалары. Жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдалану ережесі;

6) Дүлей зілзалалар жағдайында тұрғындардың қауіпсіздік негіздері – Табиғи апаттар, авариялар мен апаттар, олардың сипаттамалары және ықтимал салдары. Дүлей зілзалалар, авариялар мен апаттар кезіндегі тұрғындардың мінез-құлық қағидалары;

7) Жарақаттар, қан кетулер, күйіктер және түрлі жазатайым оқиғалар кезіндегі өзіне - өзі және өзара көмек – Жаралар, қан кетулер, күйіктер және олардың асқынулары туралы түсінік. Әртүрлі жазатайым оқиғалар кезінде өзіне - өзі және өзара көмек көрсету;

8) Негізгі жұқпалы аурулар. Улану, интоксикация және олардың алдын – Алу-жұқпалы аурулардың жіктелуі және алдын-алу. Уланудың негізгі түрлері. Улану кезіндегі жалпы әрекет алгоритмі. Интоксикацияның негізгі түрлері. Интоксикация кезінде көмек;

9) Экстремалды жағдайларда аман қалу негіздері – Экстремалды жағдайлар туралы жалпы ақпарат. Экстремалды жағдайларда өмір сүру.

43. Далалық-оқу жиынындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша жоспарлау үлгісі. 10-сынып.

44. «Тактикалық дайындық» бөлімі:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы мен әскери техникасының

негізгі түрлері – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағымен және әскери техникасымен, олардың мақсатымен, пайдалану сипаттамаларымен таныстыру. Қару-жарақ пен әскери техниканы іс-әрекетте көрсету;

2) Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі. Ұрыстағы сарбаздың міндеттері. Бөлімшені басқару;

3) Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу – Нормативтерді орындау: газтұмылдырықты кию, респираторды кию, «зақымдалушыға» газтұмылдырықты кигізу, жалпыәскери қорғаныс жабдығын кию. Дербес қобдиша және химиялық улануға қарсы пакет, олардың атқаратын қызметтері және пайдалану тәртібі;

4) Сарбаздың қорғаныстағы әрекеттері – Ату позициясына (атыс жүргізуге арналған орынға) орналасу. Оқпана қазу және оны бүркемелеу. Қарсылас ядролық қару қолданғанда, атысқа дайындық басталғанда, әуе қарсыласы туралы дабыл қағылғанда, радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымдау туралы дабыл қағылғанда орындалатын әрекеттер. Қарсыластың танкілері мен жаяу әскерлері түрлі бағыттан шабуылдаған кезде тойтарыс беру. Әуе нысандары бойынша оқ ату;

5) Сарбаздың шабуылдағы әрекеттері – Шабуылға дайындалған кезде орындалатын әрекеттер. Жүріп келе жатып шабуылдау кезіндегі сарбаздың колоннада қозғалуы және бөлімшенің ұрыстық сапындағы өз орнын алуы. Өткелдердегі кедергілерден өту және шабуылдау. Траншеядағы жауды ату, граната лақтыру, қоян-қолтық ұрыс арқылы жою тәсілдері. Шабуыл кезінде радиоактивті (улаушы) заттармен зақымдалған жергілікті жерде әрекет ету;

6) Шолушы сарбаздың әрекеттері – Шолушы болып тағайындалған сарбаздың әрекеттері. Шолушылардың қозғалу, жергілікті жерді және заттарды шолу тәсілдері. Бақылау нәтижелері туралы мәлімдеу;

7) Бақылаушы сарбаздың әрекеттері – Бақылау жүргізуге арналған орынды таңдау, оны жабдықтау және бүркемелеу. Нысандарды анықтау және бақылау нәтижелері туралы мәлімдеме жасау. Жергілікті жердің үлгісін құру және нысандарды үлгіде белгілеу.

45. «Атыс дайындығы» бөлімі:

1) Калашников автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау, автоматтың бөлшектері мен механизмдерінің оқтауға дейінгі орналасу қалпын және ату кезіндегі бөлшек механизмдерінің жұмыс істеуімен танысу;

2) Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка) – Оқжатарды патрондармен оқтау және оқжатарды сөмкеге салу. Атуға ыңғайлану (атуға қажет қалыпты қабылдау және автоматты оқтау). Ату (қарауыл мен өткізгішті орнату, иыққа тіреу, көздеу, шүріппені басу және ату кезінде автоматты мықтап ұстау). Атуды тоқтату, оқжатарды алу және атып болған соң автоматты тексеру;

3) Қол гранаталарын лақтыру – Жарықшақты қол гранаталарын және танкіге қарсы гранаталарды лақтыру;

4) Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату – Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) іс жүзінде ату.

46. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары» бөлімі:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) тарихы. Әскери қызметшілердің орналасуы. Ақпараттық-тәрбие жұмысына арналған бөлме. Қару сақтауға арналған бөлме. Сарбаз асханасы, спорт базасы, оқу қалашықтары;

2) Әскери қызметшілердің құрылыс алдындағы және саптағы міндеттері – Сарбаздың құрылыс алдындағы және саптағы әрекеттері;

3) Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері – Ротаның тәуліктік нарядының атқаратын қызметтері, құрамы және қарулануы, рота бойынша күндізгі кезекшінің атқаратын міндеттері. Өзінің кезекті міндетін атқаратын күндізгі кезекшінің бекетін жабдықтау және жарактандыру, тікелей бастықтары келген кездегі, «Жиын» белгісі берілгенде, дабыл және өрт болған жағдайдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері. Бос ауысымдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері, күндізгі кезекшінің телефон бойынша мәлімдеме беру тәртібі. Ротаға басқа ротаның әскери қызметшілер келген кездегі, рота аумағынан мүліктерді шығару кезіндегі күндізгі кезекшінің әрекеттері;

4) Сақшының міндеттері – Қарауылдық қызметке тағайындалу және қарауылдың атқаратын міндеттері. Бекет және оны жабдықтау, жарактандыру. Бекетке шабуыл жасалған кездегі сақшының әрекеттерін. Қаруды қолдану тәртібі;

5) Бекеттегі сақшының әрекеттері – Қаруды оқтау тәртібі. Бекетте тұрған сақшы қаруының орналасу қалпы. Бекетті тапсырған және қабылдаған, бекетте өрт болған және өзінің немесе көрші бекет маңында тәртіп бұзушылық орын алған жағдайдағы сақшының әрекеттері.

47. «Саптық дайындық» бөлімі:

1) Әскери сәлемдесу – Бір орында және қозғалыс кезінде орындалатын әскери сәлемдесу;

2) Саптан шығу және сапқа қайта тұру – Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және одан кету;

3) Саптық тәсілдер және қарумен қозғалыс – «Автоматты кеудеге!», «Белдікке!», «Қаруды қой!», «Қаруға!», «Қаруды!» тәсілдерін орындау. Қару-жарақпен бұрылу және қозғалыс (Қарумен бұрылыстар мен қозғалыстар);

4) Бөлімшенің сабы – Бөлімшені өрістетілген сапқа және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені өрістетілген саптан жорықтыққа сапқа тұрғызу және қайтадан өрістетілген сапқа тұрғызу. Бөлімшенің жинақталуы және жазылуы.

48. «Әскери топография» бөлімі азимут бойынша қозғалыс – Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу. Азимут бойынша қозғалыс.

49. Далалық-оқу жиынының (лагерьлік) қорытындылары бойынша бақылау-практикалық сабақтары.

50. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің

мазмұны. 11 сынып.

51. «Тактикалық дайындық» бөлімі:

1) Бөлімшенің негізгі ұрыс түрлеріндегі іс-қимылдары - Бөлімше – негізгі тактикалық бөлімше. Мотоатқыштар бөлімше. Бронетранспортерлерде (БТР) мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және қаруландыру, жаяу әскердің ұрыс машинасында (ЖҰМ);

2) Бөлімшенің негізгі ұрыс түрлері бойынша әрекеттері – Бөлімшенің қорғаныста және шабуылда әрекет ету тәртібі. Ұрыстағы мотоатқыштар бөлімшесінің орны мен рөлі.

52. «Атыс дайындығы» бөлімі:

1) Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы;

2) Ату ережесі – Арақашықтықты мыңдық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздеуішті тағайындау.

53. «Саптық дайындық» бөлімі:

1) Саптық тәсілдер және қарумен (қарусыз) қозғалыс – Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Саптық тәсілдерді қарумен (қарусыз) қозғалыста орындау;

2) Бөлімшені сапқа тұрғызу – Бөлімшенің кеңейтілген сапқа тұруы. Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау.

54. «Технологиялық дайындық» бөлімі:

1) Әскери қызметші – өз ісінің маманы (кәсіби бағдар) – Қазақстан Республикасының әскери мамандары (мамандықтары), жоғары және арнаулы оқу орындары туралы жалпы мәліметтер;

2) ҚР ҚК түрлерінің қару-жарағы және әскери техникасы – ҚР ҚК қару-жарақ және әскери техникаларының сипаттамасы және олардың мақсаты;

3) Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері – Киберқауіпсіздік және ақпараттық кеңістік туралы түсінік. Әскери істегі киберқауіпсіздіктің рөлі;

4) Тактикалық модельдеу – Ұрыс түрлерін модельдеу тәжірибесі. Мотоатқыштар бөлімшесінің ұрысты дайындау және жүргізу кезінде бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану мүмкіндіктері;

5) Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібі;

6) Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері.

55. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бөлімі:

1) Техногендік сипаттағы қауіптілік – Өнеркәсіптік апаттар (авариялар), олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары. Жарылыстық-өрт қауіпі бар нысандардағы апаттар (авариялар). Гидродинамикалық апаттар;

2) Экологиялық қауіпсіздікті сақтау қағидалары – Ауа және су ортасын

ластау. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану. Топырақтың ластануы;

3) Төтенше жағдайларда қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары – Төтенше жағдайлар туралы жалпы мәліметтер. Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібі;

4) Террористік қауіп жағдайында тұрғындардың қауіпсіздігі – Жарылыс қауіпі туындаған жағдайдағы тәртіп ережелері. Террористік қауіп жағдайында әрекет ету тәртібі. Ақпараттық технологиялар террористік әсерлерге қарсы тұрудың тиімді құралы ретінде;

5) Түрлі жазатайым оқиғалардағы қауіпсіздік және алғашқы көмек – Өр түрлі жазатайым оқиғалар кезіндегі қауіпсіздік туралы түсінік. Түрлі жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдері.

6) Пандемия жағдайындағы тұрғындардың қауіпсіздік ережелері – Пандемия туралы жалпы мәліметтер. Пандемия жағдайындағы тұрғындардың әрекеттері.

7) Өртүрлі жағдайларда көлікте жүру кезіндегі қауіпсіздік – Көліктің негізгі түрлері туралы түсінік. Көліктің әртүрлі түрлерінде, жүру кезіндегі қауіпсіздік;

8) Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету – Өртүрлі жол-көлік оқиғасы кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері;

9) Экстремалды жағдайларда аман қалу ережелері – Экстремалды жағдайларда аман қалудың жалпы ережелері. Өртүрлі экстремалды жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

56. Тақырыптық жоспар «Сабақ уақытын жоспарлау және есептеу». 10-сынып. Барлығы – 36 сағат (аптасына 1 сағат):

1) тақырыптық жоспар – сабақ уақытын жоспарлау және есептеу:

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
Кіріспе сабақ – 1 сағат		
1	Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық даярлығының мақсаттары, міндеттері және мазмұны	1
1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері – 3 сағат		
2	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі	1
	Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері. Әскери рәміздер. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлері	1
	Экстремизм мен терроризм ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер ретінде. Экстремизм түрлері	1
2-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – 3 сағат		
3	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	1



	Әскери қызметшілер және олардың өзара қарым-қатынастары.	1
	Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы	1
3-бөлім. Тактикалық дайындық – 3 сағат		
4	Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері	1
	Сарбаздың негізгі ұрыс түрлеріндегі іс-қимылдары	2
4-бөлім. Атыс дайындығы – 4 сағат		
5	Калашников автоматы және қол пулеметі	1
	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау	1
	Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау	1
	Жарықшақты қол гранаталары	1
5-бөлім. Саптық дайындық – 3 сағат		
6	Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс	1
	Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым	2
6-бөлім. Әскери топография – 2 сағат		
7	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау	1
	Магниттік азимутты анықтау	1
7-бөлім. Технологиялық дайындық – 7 сағат		
8	Әскери істегі технологиялық дайындық негіздері	1
	Тактикалық модельдеу негіздері	2
	Әскери істе модельдеуді қолдану	1
	Қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі түрлері	1
	Ақпараттық технологиялар негіздері	1
	Әскери робототехника негіздері	1
8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі негіздері – 10 сағат		
9	Қауіпсіздік негіздері және олардың жіктелуі	1
	Қоршаған орта және адам қауіпсіздігі	1
	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы	1
	Жаппай қырып-жоятын қарудың негізгі түрлері және сипаттамасы	2
	Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары	1
	Дүлей зілзалалар жағдайында тұрғындардың қауіпсіздік негіздері	1
	Жарақаттар, қан кетулер, күйіктер және түрлі жазатайым оқиғалар кезіндегі өзіне - өзі және өзара көмек	1
	Негізгі жұқпалы аурулар. Улану, интоксикация және олардың алдын-алу	1
	Экстремалды жағдайларда аман қалу негіздері	1
Барлығы		36

57. Тақырыптық жоспар «Оқу жиынына сабақ уақытын жоспарлау және есептеу». 10-сынып. Барлығы – 34 сағат (5 күндік)

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
1-бөлім. Тактикалық дайындық – 13 сағат		
1	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы мен әскери техникасының	2

	негізгі түрлері	
	Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі	1
	Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу	2
	Сарбаздың қорғаныстағы әрекеттері	3
	Сарбаздың шабуылдағы әрекеттері	3
	Шолушы сарбаздың әрекеттері	1
	Бақылаушы сарбаздың әрекеттері	1
2-бөлім. Атыс дайындығы – 6 сағат		
2	Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары	1
	Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка)	1
	Қол гранаталарын лақтыру	2
	Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату	2
3-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары – 5 сағат		
3	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі	1
	Әскери қызметшілердің құрылыс алдындағы және саптағы міндеттері	1
	Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері	1
	Сақшының міндеттері	1
	Бекеттегі сақшының әрекеттері	1
4-бөлім. Саптық дайындық – 5 сағат		
4	Әскери сәлемдесу	1
	Саптан шығу және қайта сапқа тұру	1
	Саптық тәсілдер және қарумен қозғалыс	2
	Бөлімшенің сабы	1
5-бөлім. Әскери топография – 2 сағат		
5	Азимут бойынша қозғалыс	2
6	Бақылау-практикалық сабақтар	3
Барлығы		34

58. Тақырыптық жоспар «Сабақ уақытын жоспарлау және есептеу».  
11-сынып. Барлығы – 36 сағат (аптасына 1 сағат)

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
Бөлім 1. Тактикалық дайындық – 4 сағат		
1	Бөлімшенің негізгі ұрыс түрлеріндегі іс-қимылдары	2
	Бөлімшенің негізгі ұрыс түрлері бойынша әрекеттері	2
2- бөлім. Атыс дайындығы – 3 сағат		
2	Ату негіздері	1
	Ату ережесі	2
3- бөлім. Саптық дайындық – 4 сағат		
3	Саптық тәсілдер және қарумен (қарусыз)қозғалыс	2
	Бөлімшені сапқа тұрғызу	2
4- бөлім. Технологиялық дайындық – 9 сағат		
4	Әскери қызметші – өз ісінің маманы (кәсіптік бағдарлау)	1
	ҚР ҚК түрлерінің қару-жарағы және әскери техникасы	2

	Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері	1
	Тактикалық модельдеу	3
	Роботтарға арналған тапсырмалар	1
	Роботты басқару алгоритмі	1
5-бөлім. Өмір қауіпсіздігі негіздері – 16 сағат		
5	Техногендік сипаттағы қауіптілік	2
	Экологиялық қауіпсіздікті сақтау қағидалары	2
	Төтенше жағдайларда қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары	2
	Террористік қауіп жағдайында тұрғындардың қауіпсіздігі	2
	Түрлі жазатайым оқиғалардағы қауіпсіздік және алғашқы көмек	2
	Пандемия жағдайындағы тұрғындардың қауіпсіздік ережелері	2
	Өртүрлі жағдайларда көлікте жүру кезіндегі қауіпсіздік	1
	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету	1
	Экстремалды жағдайларда аман қалу ережелері	2
Барлығы		36

### 3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

59. Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) әскери істің негіздерін, әскери қызметтің құқықтық негіздерін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлерін, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің түрлерін; Қарулы Күштердің жалпыәскери жарғыларының негізгі ережелерін, олардың мақсатын, ұйымдық құрылымын, штаттық қару-жарақ пен техниканы, төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктерін, штаттық қарудың құрылымы мен қолдану тәртібін; бағдарлау құралдарын қолдануды, әскери істе технологиялық дайындық негіздерін, робототехниканы және ІТ-технологияны; Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын ұйымдастыруды; террористік қауіп пен табиғи апаттар кезінде зақымдаудың заманауи құралдарын қолдану кезіндегі хабарлау жүйесі мен іс-қимыл тәртібі; жаралану, қан кету, күйік және түрлі жазатайым оқиғалар кезіндегі өзіне-өзі және өзара көмек, қауіпсіздік негіздері және олардың жіктелуі; табиғи апаттардың сипаттамалары; жеке және ұжымдық қорғану құралдарын орнату және пайдалану; негізгі инфекциялық аурулар; төтенше жағдайларда өмір сүру негіздерін; халықты эвакуациялау мен орналастыруды ұйымдастыру тәртібін; алғашқы көмек көрсетудің міндеттері мен түрлерін біледі;

2) әскери істің негіздерін, жалпыәскери ұрыстың негіздерін зерделеу, сондай-ақ жауынгерлік іс-қимылдарды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуде және жауынгерлік әрекеттерде атыс қаруын қолдана білуде бастапқы дағдыларды тұжырымдау үшін тактикалық даярлықтың негізгі міндеттерін; ядролық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық) қарудың және адамдарды, шаруашылық жүргізу объектілерін, қоршаған ортаны зақымдаудың басқа да қазіргі заманғы құралдарының ықпал ету ерекшеліктерін түсінеді; оларды қолданудың экологиялық салдарын; табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше оқиғалар туындаған кездегі салдарлар мен ықтимал залал; қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі түрлерін, ақпараттық технологиялар

негіздерін, әскери робототехника негіздерін, тактикалық модельдеу негіздерін түсінеді;

3) әртүрлі жағдайлардағы ұрыс алаңында сарбаз, радиациялық және химиялық бақылау бекетінің құрамында барлаушы рөлінде әрекет ете алады; штаттық қаруды, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын қолдана алады; жарақаттар, қан кетулер және күйіктер, дененің әртүрлі бөліктерінің ашық және жабық сынуы, үсік шалу, күн (жылу) өту, электр жарақатына, суға батуға; дененің түрлі бөліктерін зақымдау кезінде таңғыштарды салу; интернет-байланысты пайдалану, аудио-визуалды технологияларды пайдалану, IT-технологияларды пайдалана отырып, тактикалық модельдеу негіздері бойынша дағдыларды меңгеру; мәжбүрлі дербестік, экстремалды жағдайларда күнделікті қызметте алған дағдылары мен біліктілігін қолдана алады;

4) қабылданатын шешімдердің салдарын қазіргі замандағы зақымдау құралдарын қолдану кезіндегі ықтимал штаттан тыс жағдайларды; табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше оқиғалар туындаған кездегі ықтимал жағдайларды, ықтимал штаттан тыс жағдайларды бағалайды және талдайды;

5) бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану кезінде, техногендік сипаттағы ықтимал қауіптер туындаған кезде; экологиялық қауіп кезінде, төтенше жағдайларда, сондай-ақ террористік қатер жағдайларында, әртүрлі жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсету; пандемия жағдайында халықтың мінез-құлқы, әртүрлі жағдайларда көлікпен жүру кезінде, жол-көлік оқиғасы кезінде, төтенше жағдайларда, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету кезінде іс-қимыл алгоритмдерін синтездейді.

**Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) салыстырмалы кестесі**

№ п/п	Құрылы м дық элемент	Қолданыстағы басылым	Ұсынылған басылым	Негіздеме
1		<p align="center"><b>1-тарау. Жалпы ережелер</b></p> <p>1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).</p> <p>2. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:</p> <p>1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;</p> <p>2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту</p>	<p align="center"><b>1-тарау. Жалпы ережелер</b></p> <p>1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).</p> <p>2. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:</p> <p>1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;</p> <p>2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «АӘТД» оқу пәні бойынша Жұмыс тобының бес отырысын өткізді. Жұмыс тобының отырыстарында: Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны, ел мектептеріндегі ұйымдастырушы-оқытушылардың 10-11-сыныптарда «АӘТД» оқу пәнін</p>

	<p>туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген);</p> <p>3) «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген).</p> <p>3. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.</p> <p>4. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.</p> <p>5. Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін</p>	<p>туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген);</p> <p>3. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.</p> <p>4. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және <b>әскери қызметтің</b> дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.</p> <p>5. Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін</p>	<p>оқытуға дайындығы, әдістемелік көмек беруді қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.</p> <p>Талқылауға ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің қызметкерлері, осы пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеушілер, «АӘТД» оқу пәнінің ұйымдастырушы-оқытушылары қатысты.</p> <p>Талқылау қорытындысы бойынша ұйымдастырушы-оқытушылардың ұсыныстарын ескере отырып, 10-11-сыныптарға арналған «АӘТД» оқу пәні бағдарламасының бөлімдеріне өзгерістер енгізу, «АӘТД» оқу пәнінің</p>
--	--	---	---

